



БЕКІТЕМІН

Нархоз Университетінің

Экономикалық колледжінің

бас директоры

Абайдуллаев М.С.

2026ж.



«Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша
оқу грантын беру конкурсының
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Осы Ереже «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға гранттар конкурсын өткізу тәртібін айқындайды. Байқауға жалпы білім беретін мектептердің 9 сынып оқушылары қатыса алады. Гранттарды «MyBuh» ЖШС білім беруді қолдау және болашақ бухгалтерлік мамандарды дайындау үшін береді. Байқаудың басты мақсаты – дарынды және ынталы оқушыларды қолдау, олардың сапалы білім алып, өз қабілеттерін жүзеге асыруына мүмкіндік беру. Байқауды Нархоз Университетінің экономикалық колледжі «MyBuh.kz» ЖШС бірлесіп ұйымдастырады.

2. Байқау шарттары

Байқауда ең жоғары ұпай жинаған қатысушыларға гранттар беріледі. Грант бүкіл білім беру бағдарламасы бойынша оқу ақысын қамтиды (2 жыл 10 ай). Бұл грантқа шәкіртақы қарастырылмаған. Байқау қорытындысы бойынша «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасына 2 грант бөлінеді.

3. Байқауды өткізу тәртібі

Байқау үш кезеңнен тұрады. Байқау тілі: қазақ және орыс тілдері.

1-кезең – Математикалық сауаттылық және логикалық ойлау

Бұл кезең тестілеу форматында өткізіледі. Тест логика және математика пәндерінің сұрақтарынан тұрады. Тесттер күрделілігі әртүрлі 50 сұрақтан тұрады (100 ұпай). Тестті орындауға 2 сағат беріледі. Екінші кезеңге өту үшін қатысушы кемінде 60 ұпай жинауы керек.

2-кезең – Тілдерді меңгеру

Бұл кезең тестілеу форматында өткізіледі. Қатысушылар ағылшын тілін меңгеру деңгейін бағалау үшін тапсырмаларды орындайды (мәтінді түсіну, грамматика, сөздік). Тесттер күрделілігі әртүрлі 50 сұрақтан тұрады (100 ұпай), оқушы ұсынылған 4 жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдайды. Тестті орындауға 2 сағат беріледі. Кемінде 70 ұпай жинаған қатысушылар үшінші турға өтеді және финалист деп жарияланады.

3-кезең – Soft Skills бағалау бойынша сұхбат

Соңғы кезең дағдыларды анықтау үшін іріктеу комиссиясымен сұхбаттан тұрады. Бағалау 10 балдық жүйе бойынша жүргізіледі. Сұхбат мынаны бағалайды:

- «Есеп және аудит» мамандығын оқуға мотивация;
- сыни тұрғыдан ойлау;
- қарым-қатынас дағдылары;
- жеке жетістіктері.

4. Байқау комиссиясы

Байқауды өткізу үшін байқау комиссиясы құрылады. Комиссия құрамына әкімшілік өкілдері, оқытушылар және жұмыс берушілер кіреді. Комиссия жұмыстарды тексереді, ұпайларды есептейді және соңғы нәтижелерді бекітеді. Комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

5. Байқауға қатысу үшін құжаттарға қойылатын талаптар

Байқауға қатысушылар келесі құжаттарды тапсыруы қажет:

- стандартты өтініш формасы;
- туу туралы куәлігінің көшірмесі.

Белгіленген мерзімнен кеш тапсырылған немесе толық емес тапсырылған құжаттар қарастырылмайды. Берілген құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығына байқауға қатысушылар жауапты.

6. Байқауды өткізу күндері

- Өтініштер 2026 жылдың 16 наурызынан 17 сәуіріне дейін қабылданады.
- 1-кезең – математикалық сауаттылық және логикалық ойлау, 20 сәуір 2026 ж.

- 2-кезең – Тілдерді меңгеру, 22 сәуір, 2026 ж
- 3-кезең – Soft Skills бағалау бойынша сұхбат, 24 сәуір, 2026 ж.

Байқау нәтижелері 2026 жылдың 29 сәуірінде жарияланады.

Әр кезеңнің қорытындысы бойынша ақпарат колледждің ресми сайты және әлеуметтік желілер арқылы қатысушыларға хабарланады.

7. Грантты беру тәртібі


Байқау жеңімпазы гранттан бас тартса немесе белгіленген мерзімде оқуға ниетін растамаса, грант байқауында жоғары балл жинаған келесі қатысушыға беріледі. Грантты беру туралы шешім **байқау комиссияның хаттамасымен** рәсімделеді және бас директор бекітеді.

8. Қорытынды ережелер


Байқауды өткізу барысында туындаған дауларды, байқау комиссиясы шешеді. Осы Ереже Бас директор бекіткеннен кейін күшіне енеді.

Конкурс ережесін құрастырған:


Оспанкулов Ернур Ерденович — бас директордың бірінші орынбасары.

Қолы: 

Жакупова Заураш Мухамеджановна — бас директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары.

Қолы: 

Мухсина Куралай Женисбековна — бас директордың ақпараттық технологиялар бойынша орынбасары.

Қолы: 

Мамедова Огылжан Исмахановна — бас директордың оқу-ісі бойынша орынбазаместитель генерального директора по учебной работе.

Қолы: 